karym-  
se, ja  
edepcisiz  
maledeni

мінез-құлқының Вангалор қағидала-  
рының талаптары ескерілген.

репрессия тұтас Кенестер Одағында жүргізілді. Репрессия – сол кездегі саясат тілімен «тазалау» деп аталыпты. Осыдан-ақ, байыптай беріңіз, бұл қандай тазалау, елді саналы ойдан, білімнен жүрдай қылып тазалау ма, әлде, саяси қитұрқылықпен, зымиян есеппен жасалған тазалау ма? Өзі білімсіз, ғылымнан мақұрым қалған, тек өзімішлідікпен, мемменшілдікпен, мемлекет басқару ісін бір қолға негіздеген, мейлінше, бүркемелі, жұмбағы, құпиясы басым саясат ұстанған, жекелеген адамдар түгілі, миллиондаған халықтың тағдырын астырытын ойлас-тырып, үкімін жеке дара шешкен айлакер, әккі саясаткерлікті жетік менгерген Сталин ең озық ойлы зиялды қауымға, елінің ірі қайраткерлеріне, ғалымдарға, ақын-жазушыларға шүйлігіп, «халық жауы» атандырып, қудалауға ұшыратты. Каторгада, турмелерде сүйектерін шірітті, ату жазасына кесті. Әлемдегі «ең бостандық сүйгіш елміз», «тендік аңсаған елміз» деп жар салған Кенестер Одағы «тұтқындар лагері» деген атақта ие болды. Мұндай жауыздық саясатты қалайша ақтап, арашалауға болар?

Міне, Сталіннің орысшылдық-шовинистік қауіпті бағытының қол жеткізген түпкілікті нәтижесі осы болды. Тіпті, оның шовинистік орысшыл ұстанымы – орыс халқының өзіне осы күнге дейін ықпал етіп отырған-дығын ашық айтуымыз керек сияқты. «Сен мықтысың, сен әлемнің иесісің, өзге халықтар орыс жүртінан әлдеқайда төмен, қараңғы, на-дан, ұлы орыс халқы жасасын!» деп ұрандата берсе, барша саяси іс-әрекеттерде құлаққа сіңіре берсе, мұның магиялық теріс әсері қай жүртты бұзбайды?! Оның ұлы орысшылдыққа әбден құлай берілгендігі сондай, тіпті, әріпtes, қызыметтестерімен демалыс сәттерінде, өзінің шыққан тегі – грузин халқы үшін емес, ұлы орыс халқының денсаулығы үшін, жасампаздығы үшін деп тост көтертіп отырғаны туралы серікестері естеліктер қалдырған. Міне, билікке жетудің, оны ұстап тұрудың, бет қаратпайтын тежеусіз билеушігө айналудың осындай айлалы, зымияндық жолдары болған! Өйткені, ол өзінің саяси мақсатын іске асыруға, азғантай грузиннің қолдауы арқылы емес, ормандай орысқа арқа сүйеп жететінін жақсы түсінген билеуші-диктатор!

Сөйтіп отырып, қазақ мұддесіне қызмет еткен, жандарын қиған қасиетті хандарымызды өз жүртына қарсы қойып отырған. Шыңғыс ханнан бастап, Абылай, Кенесары хандарды жек көрген, баяндамаларында хандық, патшалық, императорлық биліктердің шексіз қатыгездігі, өз билігі үшін халықты құрбан-дыққа шалғаны туралы жиі мысалдар келтіріп отырған! Түпкі мақсаты белгілі, бұл өз билігін көтерудің, өз саясат-ұстанымдарына халықты сендіре берудің зымиян жолдары еді. Яғни, дүниедегі ең әділетшіл, ең таза жол – марксизм, ленинизм, сталинизм жолдары екендігіне буқараны иландыру!

## **Саямсыз билеуші халқына сор**

Ханжина Еоп

Сталин өзінің күльттік жеке билігін ығаитада тұсу үшін, әлемдегі теңдесі жоқ қаһарлы да әлеуетті, жеке-дара билеушіге айналу үшінде дүние жүзі пролетариатының көсемдері, өзімен енді бәсекелес болып қатар тұра алмайтын әріптесі Лениннің ертерек кез жұмғанын, коммунизм идеясының негізін қалаған Маркстердің есімдерін өз пайдасына қатты пайдаланды. Олардың есімдерін күльттік шарықтау деңгейіне көтерктізу үшін жанталаса әрекет етті.

өзге бұрынғы мүдделес, одақтас болған елдер құрметтеуге тиіс, оның қанды жолынан қандай өнеге алуы тиіс?! Ойлансақ керек еди.

# Yú išiñen yú miryre жoл берiлмеңdi

Қазақтай көнбіс, жаңы сірі халықты әлемнен кездестіру қыын шығар, сондай саяси тегеріштерден де аман қалдық, үлттымыздың дені сақталды. Санқильты сынақтардан елдігімізден айырылмай өтіп келеміз. Сол дүрбелең шақтардың өзінде, бірте-бірте қазақтың жомарттығына тәнті бола бастаған орыс «переселендері», мұжықтары жергілікті жұртпен тіл табысты, ортақ мұдделі халыққа айналды. Оларды адамшылық табиғаты, ішкі жан дүниелерінің үйлесімі, ізгілігі мен пейілі, қасиетті жердің асыл топырағы табыстыра бастағандай еді. Оған күә – басымыздан кешкен тарих, кешегі аласапыран жылдар, бұл халықтарды, тіпті, екіжүзді, аяр саясат ұстанған кеңестік билік қитұрқысының өзі айырмағандай еді. Қазақ қыын замандарда көмек сұрап келген өзге үлт өкілдерімен азғантай асын бөлісті, ортақ қазаннан дәм татысты. Мейлі, дұрыс болсын, бұрыс болсын, тарихтың бұралаң жолдарын бірге кешіп өтті, тауқыметін бірге тартты. Сол сынағы мол дәүірлерден қол ұстасқан бірлікпен, ынтымақпен өткен тату халықтардың бүгінгі күнімізде де арасына от жағылmasa, сына қaғылmasa деген тілектен айнымаймыз.

Солтүстік Қазақстандағы дау-жанжалды өрбітуші сепаратистік топтар әрекеті, Шығыс Қазақстандағы бүйректен сирақ шығарып, ел аумағында «орыс Алтайын құрамыз» дегушілердің лаңы алаңдатпай қоймайды. Масқара жағдай емес пе, үй ішінен үй тіккендей, бір кездері мемлекеттік түрғыда қарастырылып, бөлінген, шекарасы белгіленген, тарихи тиесілі, еншілі жерінді бөлшектеуге ұмытылу – көпе-көрнеу басынудың көрінісі. Елдік біртұастығынды мойында маушылық, сепаратизмнің асқынған қауіпті бағыты демеске лажымыз жоқ. Бұған ел болып, мемлекет болып немікұрайды қаруға болмайды. Тиісті қатаң шаралар қолданылмаған жағдайда мұндай әрекеттердің басылмай, қайта-қайта тутанып, қоздал, ерістей беретіні сөзсіз.

Осының барлығы, біздің түсінімізше, бір-бірімізге деген құрметтіміздің төмендігінен туындаиды. Қалай ойласақ та, бір түйткілді, жан ауыртар ауқымды, аса күрделі, маңызды мәселелеге келіп тіреле береміз, еліңің тілін сыйламаған жұрт, сенің елдігінді, мемлекет ретінде дамып, ілгері басқа-  
ныңды қалар ма екен?!

Біздің зияллыларымыз, «ел болып қалыпта-  
сұдың ең маңызды факторы – тіл» деп баяғыда  
айтып кеткен болатын. Еліңнің тілін жақсы біл-  
ген адам, қадір-қасиетіне де тереңірек бойлар  
еді, жан-дүниенде ұғар еді, тарихың мен әдеби-  
етіне де, салт-дәстүріне де неміңдіктер, салғы-  
рт көзқараспен қарамай, сыйлап үйренер еді.  
Өзінің орнын, үлесін артық санаған масылдық  
пифылдардан, бійктен қараған астамшылықтан,  
өгейсіген, жат ойлардан арылып, жергілікті  
халықты өзімнің отандасым, мұдделесім деп  
кабылдар еді.

Осы тұрғыдан келіп, тарихтың абын сабактарын ескере отырып, ұлттар арасына сына қағып, жікшілдік тудыратын, ұлтаралық араздыққа алып баратын дау-жанжал тудыруышыларға Ата Заңымыздың аясында қолданылар шаралар қарастырылып, мемлекеттік деңгейде күн тәртібінен түспей, үнемі қатаң бақылауға алынуы тиіс деп санаймын. Ұлттар арасына іріткі салушылар, мемлекеттігімізге қауіп төндіретін үйымдасқан сепаратистік топтар, арандатушы жікшілдер лайықты жазасын қатаң түрде алуы тиіс. Өзгелерге абын сабак болуы үшін.

**Жатсақ та, тұрсақ та көкейімізден  
үнемі алаңдатар бір сұрақ кетпейді:  
Апырмай, біздің қасиетті топырағы-  
мыз, жайлап отырған жеріміз – жік-  
шілдік ошағына айналуға лайық па  
елі?!**

# АДАМ ӘДЕМІ КИІМІМЕН ЕМЕС, ӘЛЕП, БИЛІМІМЕН БАҒАЛЫ

қатаң талаптар қояды. Осы талаптарды ескере отырып судьяның өз абыройына нұқсан келтірмейу, сот билігінің беделін түсірмей міндеп. Міне, осы жылдар бойы сот беделін қалыптастыруға қызмет еткен, судьялардың басты бағдары болып келген Әдеп кодексінә өзгеріс енгізіп, жаңартатын, жаңыртатын кез келді. Себебі, құжатты қоғам талабына сай

масына сай келмейтіні нақты көрсетілмеген. Осыған орай жаңа әдеби кодексінде судьялардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды нақтылау кезек күттірмейді. Сонымен бірге, судьяның кәсіби қызметтегі, қоғамдың өмірдегі және тұрмыстық (күнделікті) қарым-қатынастағы мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптарды мей

лінше терен әйқында шарт.  
Судья – мәртебелі мамандық, Бірақ адам тағдырына жауапты болғандықтан, бұл жұмыстың жүгде ауыр, жауаптылығы да зор екен түсінікті. Судьяның қызметі тек заңды жетік біліп, сот процесін сауатты жүргізумен өлшенбейді. Басқа мамандық иелерімен салыстырғанда судья 24 сағат бойы көшпіліктің назарында. Оның жүріс-тұрысы, әрекеті, сөйлемен сөзі, киген киімін айтпағанда отбасының мүшшелері де қоғамның

бақылауында екенін ұмытпауымыз керек. Әсіреле, әлеумет судьяның отбасы мүшелері жіберген кемшілікті судьяның жеке басымен байланыстыруға, сол арқылы қоғамда резонанс тудыруға әүес. Соған орай, жаңа Әдеп кодексінде қазақстандық қазылардың әдебі мен әрекетіне қатысты шектеулер реті ғана белгіленіп қоймай, судьяларға қорған, тірек болатындай тетіктер ескерілсе, нұр үстінен

**И.ТҰҢҒЫШБАЕВ,  
Қызылорда қалалық  
әкімшілік құқық бұзушылықтар  
жөніндегі мамандандырылған  
сотының судьясы,  
ҚР Судьялар одағының  
Қызылорда филиалындағы  
Судья әдебі жөніндегі  
комиссия мүшесі**



КӨКЖИЕК

# ЖАС ФАЛЫМДАРДЫН ТАЛАБЫ ТАУДАЙ

Фылым мен білімнің қара шаңырағы Қазақ Үлттік университетіндегі жас фалымдар мен студенттердің дәстүрлі «Фараби әлемі» атты халықаралық конференциясы өтті.

Осы шара аясында Философия және саясаттану факультетінің «Философия» кафедрасы «Жаңа Қазақстан жастарының құндылықтары туралы философиялық дискуссия» секциясы бойынша жұмыс жүргізді. Конференция Қазақстан Республикасының және алыс, жақын шетелдің студенттері, магистранттар, докторанттар мен жас фалымдары қатысты.

Конференцияның мақсаты студенттерді оқу-танымдық қызмет пен фылыми зерттеу жұмыстарына ынталандыру, студенттер мен фалымдарды заманауы фылыми мәселелерді шешуше тарту, дарынды, талантты студенттерге қолдау көрсету және шығармашылық қабілеттерін ашу, жас фалымдардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру.

Философия фылымының кандидаты Асқар Лесхан модераторлық еткен фылыми алаңда 27 үміткер бақынында. Жаңа Қазақстан жастарын толғантан түрлі қызықты тақырыптар талқыланады. Алматы қаласының қоғамдық Денсаулық басқармасы, Жогары медициналық колледжінің студенттері А.Даниярова мен А.Абылқаковың «Жаңа Қа-

зақстан жастарының құндылықтары» тақырыбында жасаған фылыми жұмыстары көшілікке ой саларлық үлкен дүние болды. «Қазір жастардың алдына қойған басты құндылықтары түп тамырымен өзгерді. Соған байланысты қоғамдағы қажеттіліктірдің бірі осы жастардың болашағын жақсартуға бағытталған. Жаңа мемлекетті құрып, оның егемендігін сақтайдын жастардың бейнесі қандай, оларға қандай қасиеттер керек деген орынды сұраптар туындауды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Аманат партиясы жастар қанатының кезектен тыс съезінде Жаңа Қазақстан жастары үшін негізгі ұстаным болатын 3 басымдықты атап, бұл сұраптың жауабын «Біріншісі – білімге деген құштарлық, екіншісі – еңбексүйіштік, үшіншісі – патриотизм» – деген тұжырыммен корытындылады.

Қоғамдағы тіл мәселеі де талқылаудан тыс қалады. ҚазҰУ филология факультетінің 2 курс студенті Сандугаш Керей «Тіл мәрте-



бесі: тіл философиясына этнолингвистикалық талдау» тақырыбындағы фылыми зерттеуінде тіл мәселеін барынша жан-жақты талдаң берді.

Бұдан білек, философия мамандығының 1-курс студенті Самедов Мадиярдың «Әл-Фараби мен Шәкәрімнің философиялық концептлерін талдау» тақырыбындағы фылыми зерттеуі де он бағаланды. Зерттеу мақаласында әл-Фараби мен Шәкәрімнің философиялық көзқарастары туралы негізделмелер

тұжырымдалып, Екі алыптың философиялық ойларының мәні жан-жақты зерделенген. Мақала жас бұның ойды қалай қалыптастыру көрек екендігін және оның қоғамда қалай қолдану көректігін аңғартады.

Философия мамандығының 4 курс студенті Сағындықова Айзаттың дайындаған «Метамодерндең экзистенциалды құйзелісті шешудің заманауи дискурсы» тақырыбындағы зерттеу мақаласында қазіргі метамодерлік жағдайдағы экзистенциалды құйзелістердің үлкінгі дәуірдің әлеуметтік шындыры ретінде қарастыра отырып, оның үлкінгі техногендік астарына, көріні формалары мен деңгейіне, себептері мен шартты белгілеріне, ерекшеліктеріне терең мән берген. Зерттеу барысында экзистенциалық құйзелістің негізгі идеялары бастасы және метамодернизм туындаған ішкі конфликт мәселеін психо-философиялық талдаулар жүргізе отырып, мәселені шешуге алғаш рет қадам жасалған.

Конференция барысында қазақ жастарын толғандыратын түрлі тақырыптар талқыланды, қатысушылар әрбір тақырыпқа өз көзқарасын билдіріп отырды.

«Фараби әлемі» халықаралық конференцияның соңында үздік деп танылған жұмыстарға сыйлық тағайындалды. Қатысқан барлық студенттер мен жас фалымдарға сертификаттар тапсырылды.

Жас фалымдар мен фылымға жаңа қадам басып келе жатқан студенттеріміздің фылыми жұмыстарын талқылай отырып, қазақ қоғамының болашағының зор екендігіне қуандық. Өскелен үрпақтың жаңа қадамдарына сәттілік тіледік.

**Гүлнар МӘЛІКҚЫЗЫ,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың доценті**

## ТАРАТУ

5. «ВодоИнжПром» ЖШС, БСН 131040017161 (Алматы қаласы, Байқоңыр көшесі, 125/185 ғимарат, н.п. 2) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өсекмен қаласы, Фонтанная көшесі, 42. Тел. 87012253883.

6. «Unique Oil» ЖШС, БСН 200140014321, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Салам-2 ықшамауданы, 33А үй, 459 пәтер. Тел. 87774140223.

7. «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ қызыметтінің тоқтатылуы туралы 2023 жылдың 22 апқындағы астана қаласының МАӘС «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ «бұдан ері – Компания» қатысты мәжбурлі тарату негізdemесі бойынша қозғалған тарату өндірісінің аяқталуы туралы үйіргарын 2023 жылдың 9 наурызындағы заңды құшынан енді, ал бул оның қызыметтінің тоқтатылуын қарастырады. Осылайша, соттеп Компанияның тарату туралы есебі мен тарату балансы бекітілді.

Астана қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» МК» қеаАК 2023 жылдың 7 сауірдегі №97518 бұйрықымен Компанияның қызыметтің тоқтату мемлекеттік тіркеу жүргізілді. Бизнес сәйкестендіру номірлерінің үлттық тіліміне («Занды туғлалар» МД) тарату жайлы жабландырған.

Тұрақты сақтау жататын Компанияның күжаттары Алматы қаласының Мемлекеттік мұрагарияттың сақтау шартынан өткізілді.

ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабының 10-тармағына сәйкес, заңды туғланың таратылуы аяқталған, ал заңды тұлға из қызыметтің тоқтатылғанда білдірілген тарату балансы жабландырған.

Азаматтық кодексінің 377-бабының 1-тармағына сайнан міндеттемелер заңды туғланың (борышкер, несие беруші) таратылуынан тоқтатылады. Таратылуға жататын заңды туғланың мүлкінің жетіспеуінің канағаттандырылғандағы несие берушілердің бағындыры, сондай-ақ, тарату балансынан бекітінде дәнди жарияланғанда, штепелдене, алтындағы (Азаматтық кодексінің 51-бабының 6-тармағы). Әтептен деген тарату комиссиясымен танылаған несие берушілердің талаптары да саналады, егер де несие беруші солтүк арзы-талағаппен жүгінбеген болса және де солтүк шешімінен несие берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартылған болса.

10. «Источник-GSM Костанай» ЖШС, БСН 070240001334, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 162 үй, 82 пәтер.

11. «Жол-Комфорт» ЖШС-ін серіктестік тәрағасы әрі жалғыз құрьылтайсынан шешімінен 2023 жылдың 15 наурызда жауапкершілік шектеуі серіктестік тарату туралы шешім қабылданады: БСН 2001400196986. Мемлекеттік тіркеу туралы 19.01.2020 ж. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалында 19.01.2020 жылдың тіркелиген. Алматы облысы, Талгар ауданы, Қайнар ауылдық округі, Жалқамыс ауылы, «Солтүстік» шағынауданы, 21 үй мекенжайында орналасқан.

12. «IMAN-571» ЖШС, БСН 210940033215, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, ы.Алтынсарин көшесі, 28 үй, пошта индексі 160500.

13. «CROSS Log» ЖШС (БИН 120240000328), 2023 жылдың 9 ақпанда Серіктестік құрьылтайшылардың серіктестік тарату туралы шешім қабылданған хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Кек Тебе ықшамауданы, Қызы Жібек көшесі, 23 үй, телефон +77272584411.

14. «Досымжан Company» ЖШС өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағындардың түркістан облысы, Наурыз ауылы, А. Әтегенов көшесі, 51 үй мекенжайда бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел. 87781068894.

## ӘРТҮРЛІ

2. 2023 жылдың 15 сауірде «Жылдың үздік мемлекеттік қызыметтісі» республикалық конкурсы басталады.

Конкурсқа қатысушылар көміндегі шыл жыл міншін мемлекеттік қызыметтік қызыметтік жаңынан бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылдың ауданы, Құлсары қаласы, Аэропорт ықшамауданы, 46. Тел. +77011451444.

16. «Ыбрайымжан Қожахметов атындағы» қоғамдық қорының 24.03.2023 жылды №1 жалалы жиналыс шешімін орындау туралы «Ыбрайымжан Қожахметов атындағы» қоғамдық қоры өз жұмысын тоқтатылуын байланысты етіншітер екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алтынай ауданы, Алтынай үйі, 65 үй. Телефон 87013643600.

3. «MIX PARTS» ЖШС, БСН 190340001411, жарғылық капиталының азайынан туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Рысқұлов көшесі, 72 үй. Тел. 87011111745.

4. «Гусаковка» ЖШС, БСН 980340002188, жарғылық капиталдың көлемі 1 500 000 теңгеден 1 465 544,89 теңгеге дейін азайынан туралы хабарлайды. Талап-шығымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 150105, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Гусаковка ауылы, Молдөжнә көшесі, 22 үйралы.

9. «SPORT MEDICINE AND REHABILITATION CENTER «PRO SPORT» ЖШС (БСН 181240005927) жарғылық капиталының азайынан туралы хабарлайды. Шағындар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 1/2 мекенжайда бойынша.

17. Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотымен 7.04.2023 жылы Хаврук Алексей Васильевичтің арызы негізінде, 11.02.1970 жылы туған, ұлты україн, соңы белгілі болған мекенжайы: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6 ықшамауданы, 18 үй, 18 пәтер, Хаврук Вадим Алексеевичтің жаңынан жаңынан жиналып, әйнеке өткізуінде өткізуінде 150105, Қарағанды облысы, Айыртау ауданы, Қарағанды облысы, 36 үй, телефон 87213400033, электронды мекенжайы 721-4678@sud.kz.

## БАНКРОТТЫҚ

18. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылды 31 наурыздағы үйарымен «ЕРМАГАМБЕТОВА СВЕТЛНА ЕВГЕНЬЕВНА» ЖК-не қатысты, ЖШС 760730499041, банкроттық расімі басталды. Кредиторлардың талаптарынан қабылданады: Қарағанды облысы 1/2 мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, 8 үй, н.п.1, adalsolution@mail.ru

Конкурсқа қатысушы туралы ө



## КОЛЕНЦЕ

Жақында дәм тартып Алматының ірсесінде орналасқан елді мекенниң мейрамханасында жақын досымның жолдастарымен дастарқандас болды. Көнілді отырыста небір әдемі әзілдер орынмен айтылып жатты. Шамамен барлығыншы жас жағынан күрдас бол шықтық. Әнгіменің негізгі тақырыбы коронавирус індепті, сол баяғы денсаулық, бала-шаға және де саясат (басқосуда бұл міндетті түрде көтерілетін жай) жөнінде өрбіді. Не керек, әйтеге жастираға ренжік, денсаулыққа екпелеп, саясатты шашып тастадық. Мениң бала кезден білетін досым тұмысынан қаралайып, көп сейлеметтің білізі, айтылып әзілге күліп қойып отыра беретін жігіт. Ол о ма, мінезіне сай отызын жылдай «ұш әріппе» қызмет етіп, сол мекемеден жақында зейнетке шықкан болатын. Ойпырмай, қанша сырлас болып жүріп, досымның қызметі жайлар бір әнгімесін, не болмас мактандын естімеппін (кейінгі кезде кейір жас қызметкерлер, қайда істейтіндерін ашық айтып, панданып кететінін көріп жүрміз фой).

Содан не керек, отырыстың бір мезгілінде қуақылау келген бизнесмен күрстасы досымда қалжындан тиисе кетті.

— Эй, бауырым, өмір бойы «ұш әріппе» қызмет жасапсын, зейнетке ерте шықтың. Ал, не таптың? Сенің бойындағы қабілетінмен аз дегенде ауылдың әкімі болып, бізге бір пайдан тиер

еді ғой! — деді қағытып. — Енді міне, денсаулығын шамалы, алтынын бір пенсия, қызметінің аясында ауылыша да атын шықпады, — деді онысымен қоймай.

— Осы біздің Президент пен үкімет адамдарының талай шет елге ресми сапарлары кезінде өзінді теледидардан еш көрмедин. Сені сол жерлерде жүр деп естуші едік, — деді екінші бір танысы байыптен, бірақ сынаған сыңаймен.

Досым бұл сөзге жыныды да:

— Құрғыры, бұл жұмыстар да біреу істеу керек шығар, — деп қысқаша жауап қатты. Артынша өз жауабын азырқанғандай:

— Сендердің айтып отырган «ұш әріппе» қызметінің жұмысы өнердің ішіндегі олең іспетті, бірақ әні құрделі ноталармен жазылғандай. Не естіген адам құлышынп тыңдай алмайды, авторы да, әннің орындаушысы да беймәлім, — деді күліп.

— Сонда не, барлау да өнер ме? — деп енді кластасы шап ете қалды.

Осы тұста, маган жан досым Бектің әнгімесі еске түсіп, ойым дастарқан үстіндегі тартыстан тыс өз жайымен өрбіп кетті. Бәрібір биязы досымның өз қызметі жайлар ашылып ақпарат бермейтінін біліп тұрмын ғой...

Шынында, барлау кәсіп пе, жок өнер ме? Өнер емес, бірақ олең сиқытты өмірде қызық та қызын «шығармашылыққа» ие. Кәсіп пе? Олай болса, сегіз қырлы бір сырлы адам іспетті



құбылыс. Байқасаныз, барлау бәрімізге тән қасиет, өйткені, кейде өзге туралы ақпарат жинап, шаруамызды шешеміз. Керек десеніз, біреулерді сөзбен-ақ угіттеп, бірге жұмыс та істеп, тұмыс та құрып жатамыз. Ал кейде барлаушыны «әртіс» деп те айтады. Олай болса, әлгі жогарыда атап өткен досымның марқұм әкесінің арманы орындалыпты, себебі кезінде баласының әртіс болғанын қалауды еди.

Тарих пен саясатты білмеймін, бірақ барлаушылар үшін «қыргы-қақақ соғыс» 1991-де Кенестің ыдырауымен бітпеді десек қателеспейміз. Жаңадан саяси аренада шықкан егемен республикалар мектепті енді бітірген окушылар сиқытты «Енді қай бағытта жылжысы, не істеуім керек?» деп сиртқы

жатты. Әртепсінде сену азбал, бірақ іші құпия өзінде қалыптың деген үстами болды. Қазір де ақпарат — саясаткерлер үшін оттегі іспетті. Мемлекеттер бір-бірмен қанша жақын болса да, әрқайсының өз мүдделесін жогары қоюы табиғи жағдай. Бұл жай сөз емес, белгілі шындық.

Кеңес заманында дипломаттар барлаушыларды, ал өз кезегінде барлаушылар оларды әзілдеп «қөршилер» деп аттастын. 90-жылдардың орталынан бастап Сыртқы істер министрлігінде қызметте болғанымда, «қөрши» азаматтармен таныс және кейбіреуімен талай дастарқандас та болды. Небір жогары шенделі «ұш әріппе» қызметкерлері көбімізге мәлім емес пе? Әлгі бизнесмен әзілдегендеге, «аты шықпаған,

ру полисінс ұшам деге әүрөшілік екенін әүпірімдеп түсіндіріп, Ларисаны қосымша 2500 доллар шығынға батырады. Әшейінде «сауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеймін» деп жүрген Лариса бұл жолы да қайдағы бір сұйыттық қолына 327 мың тенгеңін салып жибереді. 2004 жылдың қара сүйін арқалап қараша да жетеді. Осы кезде бүріспін Лариса жеткен Даниш «актерлік шеберлігімен» тәтін етеді.

«Құжаттарын дайын түр, жақында қолына тигіз... Алада өз жағдайым маз болмай түр. Әйелім жарықтық қайтқалы, еki үлым сырқат. Қаназдықтың қарашылары... Канадаға емдегуе мен де баар ем.... Ол жақтағылар 30 мың АҚШ долларын сұрап отыр. Есқи таныстарым арқылы 27 мыңын таптым. Небәрі 3 мың жетпей тұрғаны. Қарайласа алар ма ен... Қайтарам ғой...» деп жаңалыштық кейілпен Ларисаның көзінен көз сұғын қадыл түсті.

Ойнанда бөтөн ойы жоқ келіншектің жаңы ашып, жүргегін сыйздады. Не болса да екі баланың тағдырын ойлап Данишке сол жерде-ақ 3 мың АҚШ долларын еш қуаландырусыз берсе салды.

Әзінің жазасын тағындағы береріне бес сенімді болған Даниш Кашани Лариса Иванована тағы алдады. Ол Канаданың Калгари қаласына тіке үштаптың рейс болмағандықтан Торонто қаласы ариқылы үштаптың жеткізіл, ол үшін тағы 90 мың тенге қажеттігін айтты. Иванова болса Да-нишке сеніп тағы 90 мың тенгеңін санап береді... Ардан беззен Даниш айласы мен аярлының пайдаланып Ивановадан алдап тағы 524 000 мың тенгеңін қағып алып, жалпы оны 1 миллион 933 мың тенгеңін шығынға батырып кетеді.

Сұрқиялық пен сұмпайылық, үтсіздік пен ұждансыздық бойында тоқайласқан Даништі тоқтату мүмкін еместей еди. Ол «тағы, тағы, тағы да» деген тойымсыздық оқпанын толтыруды кеккесіді. Оны толтыру эсте мүмкін емес еди. Осылай заңсыздықпен баудың көксеген он Старадубцована 5200 АҚШ долларына, Кімді 3 миллион 356 мың тенгеңін «Тау тұрғызып» талайды тақыраға отырызып үлгерді.

«Дәніккеннен құнықан жаман» дегендей, женил ақшага азден дәндеген Даниш Кашани қыркүйек айында сәттін тауып Лариса есімді көліншекпен танысады. Танысқан адамдарының алдымен қаржылық әл-ауқатын жете зерттейтін ол, ақшасы жоқ болса текке үақыт үттірмай тайып тұратын. Ал Л.Иванованың қолында ақшасы барын алдын ала біліп, әйелдін Канадада виза шығураға иштіті екінен хабардар болады. «Тау тұрғызып» талайды тақыраға отырызып үлгерді.

«Дәніккеннен құнықан жаман» дегендей, женил ақшага азден дәндеген Даниш Кашани қыркүйек айында сәттін тауып Лариса есімді көліншекпен танысады. Танысқан адамдарының алдымен қаржылық әл-ауқатын жете зерттейтін ол, ақшасы жоқ болса текке үақыт үттірмай тайып тұратын. Ал Л.Иванованың қолында ақшасы барын алдын ала біліп, әйелдін Канадада виза шығураға иштіті екінен хабардар болады. «Тау тұрғызып» талайды тақыраға отырызып үлгерді.

1965 жылы Пәкістандың Карабчи қаласында туылған, үлтты ірандық Даниш Кашани жоғары білімді, зангер, экономист, бірнеше шет тілін менгерген, бүрін сottalmaғan, бизнес тілі мен қарым-қатынас жасаудың билгір болған. Ол ұзақ сайран сала алмады. 2005 жылдың аяғында Алматы қаласында IIД алайқықа қарсы курес болмайтін қызметкерлері алайқықа жалдамалы пәтерінде қолға түсірді. Тергей барысында кінәсі толық дәлелденген Кашани Алматы қалалық сотының үкімімен жеке мүліктері тәркіленіп 10 жылға бас бостандығынан айырылды.

Арман ЖУСАНБАЙ

## ПӘКІСТАНДЫҚ АЛАЯҚТЫҢ



Л  
А  
Н  
Ы

жолы мен түсін та-

бысты Мартинге әкелетін болып үағдаласады. Даниш келесі тәуілкітке «Опт торт Компания» фирмасынан әр келісін 290 тенгеден 2 миллион 900 мың тенгеңеге тоназатылған 10 тонна ет сатып алып, келісім бойынша сатып алушы компанияяға апарады. Алайда олар тәмемні сапалы ет өнімін сатып алудан бас тартады. Мұны естіген Мартин тиісті ақшасын талап ете бастайды. Әккі алайқ оның алтынын басып, етті Алматы асханаларында еткізбекке сез байласады. Қыркүйек айында са- сына дейін аталаған әттінен сатып үлгерген ол 3 миллион 749 мың тенге табыс табады. Көнілінен шығарылымдағы 18 дана «Тойота Ленд-Крузер» көлігі қосалқы бөлшектер үшін 4950 АҚШ долларына сатылатынын мәлімдейді. Ольганы сыйлайтын Богдановтан алған 4100 АҚШ долларын санап берді. Қолына қомақты ақша түсін бастаған Даништің «қабіліті» ашыла түсті. Тамыз айынын алғашкы қундарда ол Богдановқа Қазақстандық БҰҰ-дан жарысыз деп танылған 1997 жылғы шығарылымдағы 18 дана «Тойота Ленд-Крузер» көлігі қосалқы бөлшектер үшін 4950 АҚШ долларына сатылатынын мәлімдейді. Ольганы сыйлайтын Богданов өш қаперсіз Да-ништің қақпанағына түсті. Алайқаны ысқылаған Даниш сатып алушы бір-ақ адам болуы, ол үшін жалпы көлік құнының 30 пайызын алдын ала төлеу көректігін қадап ескертеді. 6100 АҚШ доллары көлемінде қаражат құйылған соң ғана көліктеге құжаттар толтырылатыны айттылады.

Тиісті соммалар қолына түсін соң өз жақетіне жаратып жан багып жүрген Даниш келісімшектер туралы ләм деметен жүре берді. Арада екі ай үақыт көзді ашып құмғандағы өт шығады. Құрғак үедеге «тойып» болған Богданов Даништі тауып алып, жеке сейлеседі. Құлығына құрық бойла-мagan Даниш тағы да көзін бақырайтып қойып Богдановты алдап соқты.

«Уақыт үттірпей алғанымызрас. Алайда құжаттардың бәрі рәсімделген. Енді тек қана Оль-ганың атына сенімхат толтыру үшін тағы 200 мың тенгеңеге зәрь болып тұрғаным...» деп мүләйімді. Богданов қарындастының қамын ойлай тұрғып тәу-екелге тағы белуады.

Осылай құнықан Даниш Кашани бір жылдан соң 2004 жылғы шілде айында бір фирмада жұмыс істеген Ольга есімді көліншекке жолығып қалады. Қәсіпкерлікпен айналысатын Ольгаға ол Алматыдағы БҰҰ (Біріккен Үлттір үйім) әкілдігінен жарасыз деп танылған 15 дана «Тойота Ленд Крузер» автокөлігінің әрқайсысын 1500 доллардан 15 500 долларға сатып алуы үснанады. Ол үшін алдымен тиісті соммалы 30 пайызын төлеу жақеттігін ескертеді. Он тәуілкітен соң расімдеуді жүзеге асърамыз деп «қатырады». Қуанған Ольга болса онай олжалаға белшеден

батуға ансары ауа түседі. Ол бірден бұл туралы тұтынын Богдановқа айтады. Ол болса алақа-нын ысқылаған жағдайда әттінен жарысыз деп танылған 1997 жылғы шығарылымдағы 18 дана «Тойота Ленд-Крузер» көлігі қосалқы бөлшектер үшін 4950 АҚШ долларына сатылатынын мәлімдейді. Ольганы сыйлайтын Богданов өш қаперсіз Да-ништің қақпанағына түсті. Танысқан адамдарының алдымен қаржылық әл-ауқатын жете зерттейтін ол, ақшасы жоқ болса текке үақыт үттірмай тайып тұратын. Ал Л.Иванованың қолында ақшасы барын алдын ала біліп, әйелдін Канадада виза шығураға иштіті екінен хабардар болады. «Тау тұрғызып» талайды тақыраға отырызып үлгерді.

«Дәніккеннен құнықан жаман» дегендей, женил ақшага азден дә